

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі № 334-IV Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 11, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 16, 104-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат):

1) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:
«Осы Заң Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді.»;

2) 1 - б а п т а :
мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

«жұмылдыру әзірлігін бағалау - жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру нормативтеріне және талаптарына мемлекеттік органдар мен ұйымдардың дайындық деңгейі сәйкестігінің дәрежесін айқындау;»;

төртінші абзацтағы «жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы уәкілетті орган» деген сөздер «жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті орган» деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы абзац «орындау» деген сөзден кейін «, бейбіт уақытта табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі бірінші кезектегі шараларды қабылдау, гуманитарлық көмек көрсету» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы оныншы абзацпен толықтырылсын:

«уақытша қайта тиеу ауданы - әскерлер мен әскери жүктерді көліктің бір түрінен екіншісіне қайта тиеуді жүзеге асыратын жердің учаскесі.»;

3) 2-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:
«Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.»;

4) 4 - б а п т а :
5) тармақшадағы «әскери міндетті азаматтарды» деген сөздер «әскери міндеттілерді» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақшадағы «беруге немесе олардың мүдделеріне, сондай-ақ Қазақстан

Республикасы экономикасының мүдделеріне пайдалануға» деген сөздер «, сондай-ақ жұмылдыру тапсырыстарын орындайтын ұйымдарға беруге» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 5 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын айқындайды;»;

5) тармақшадағы «мәселелері жөніндегі» деген сөздер «туралы» деген сөзбен ауыстырылсын ;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

6) 7 - б а п т а :

1) тармақшадағы «жалпы» деген сөз алып тасталсын;

4) тармақшадағы «белгіленген» деген сөз «көзделген» деген сөзбен ауыстырылсын;

7-1) тармақшадағы «жұмылдыру тапсырыстарын (тапсырмаларын) алып тастау, басқаға беру тәртібін айқындайды» деген сөздер «жұмылдыру тапсырыстарын алып тастау, басқаға беру туралы тәртіпті айқындайды және шешім қабылдайды» деген сөздермен ауыстырылсын ;

12) және 15) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«12) жұмылдыру дайындығын бақылауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының жұмылдыру эзірлігі туралы жыл сайын баяндап отырады;»;

«15) Әскери міндеттілерді бекітіп қою жөніндегі республикалық комиссияны құрады және әскери міндеттілерді бекітіп қою қағидасын бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 20), 21), 22), 23), 24) және 25) тармақшалармен толықтырылсын :

«20) уақытша қайта тиеу аудандарын ұйымдастыру қағидасын және олардың орналасу схемасын бекітеді ;

21) тауарларды өндірудің, жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсетудің Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспарында көзделген тиісті кезеңге арналған жоспарын бекітеді ;

22) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы азаматтарының жұмылдыру және соғыс жағдайы кезеңінде өздерінің меншігіндегі жер учаскелерін, ғимараттарды, құрылыстарды, көлік құралдарын және басқа да мүлікті қорғаныс мұқтаждары үшін олардың құнын мемлекет кейіннен соған тең мөлшерде өтейтіндей етіп беруінің тәртібін бекітеді;

23) жұмылдыру органдары туралы үлгі ережені бекітеді;

24) әскери-көліктік міндеттің орындалу тәртібін бекітеді;

25) Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

7) 7-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«7-1 бап. Жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті орган:

1) мемлекеттік органдардың қатысуымен Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспарын және тауарларды өндірудің, жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсетудің тиісті кезеңге арналған жоспарын әзірлейді, мемлекеттік органдардың, облыстар, республикалық маңызы бар қала мен астана әкімдіктерінің жұмылдыру жоспарларын келіседі;

2) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау номенклатурасы мен көлемі жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыруға қатысады;

3) жұмылдыру дайындығы саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіреді;

4) жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласында ғылыми зерттеулер мен әдістемелік қамтамасыз етуді, сондай-ақ жұмылдыру органдары мамандарының біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

5) жұмылдыру тапсырыстары бар ұйымдар банкрот болған, қайта ұйымдастырылған, таратылған, олардың жұмыс бейіні өзгертілген кезде мемлекеттік органдардың ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген жұмылдыру тапсырыстарын алып тастау және басқаға беру туралы ұсыныс енгізеді;

6) жұмылдыру дайындығы саласында халықаралық ынтымақтастықты дамытуға қатысады;

7) Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру ережелерінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының жұмылдыру әзірлігіне баға беруді жүзеге асырады және бұл туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын баяндап отырады;

8) Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді;

9) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың әскери міндеттілерді бекітіп қою жөніндегі жұмысын үйлестіреді;

10) осы Заңда, өзге де заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

8) 8 - бапта:

тақырыбы және бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«8-бап. Орталық атқарушы органдардың және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын

**және есеп беретін мемлекеттік органдардың
жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы
құзыреті**

Орталық атқарушы органдар және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде:»;

2) тармақшадағы «мен жұмылдыру» деген сөздер алып тасталсын;

3), 3-1) және 6-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«3) мемлекеттік басқарудың тиісті саласында ұйымдардың жұмылдыру дайындығын жоспарлайды, ұйымдастырады және оған басшылық етеді, Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру қағидаларында белгіленген тәртіппен жұмылдыру тапсырыстары бар ұйымдардың жұмылдыру әзірлігін бағалауды жүргізеді;

3-1) ұйымдармен жұмылдыру тапсырыстарын орындауға арналған шарттар жасасады, жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға жұмылдыру тапсырыстары бар ұйымдар банкрот болған, қайта ұйымдастырылған, таратылған, олардың жұмыс бейіні өзгертілген кезде белгіленген жұмылдыру тапсырыстарын алып тастау және басқаға беру туралы ұсыныстар енгізеді;»;

«6-1) мемлекеттік басқарудың тиісті саласында жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және (немесе) бекітеді;»;

7) тармақшадағы «мен жұмылдыру» деген сөздер алып тасталсын;

8) тармақшадағы «қарамағындағы ұйымдарда» деген сөздер «мемлекеттік басқарудың тиісті саласында» деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) осы Заңда, өзге де заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

9) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«9-бап. Облыстар, республикалық маңызы бар қала, астана,
аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктерінің
және қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала,
кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ
әкімдерінің жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру**

саласындағы құзыреті

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдіктері өз құзыреті шегінде:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;

2) жергілікті әскери басқару органдарына олардың бейбіт уақыттағы және жұмылдыру жарияланған кездегі жұмысына жәрдем көрсетеді, тиісті

әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағында әскери-экономикалық және командалық-штабтық оқулар (жаттығулар) өткізуге қатысады;

3) әскери міндеттілерді бекітіп қою жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде мемлекеттік органдар мен ұйымдарды жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында жұмыс істеуге көшіру жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыруды қамтамасыз етеді;

5) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде шақырылуға тиісті азаматтарды дер кезінде хабардар етуді және жеткізуді, жиналу орындарына немесе әскери бөлімдерге техника беруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, жұмылдыру және соғыс жағдайы кезеңінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша олардың басқаруындағы облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) коммуналдық меншігін қорғаныс мұқтаждарына береді;

6) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде жұмылдыру жоспарларын әзірлейді және бекітеді, жұмылдыру дайындығы жөніндегі іс-шараларды жүргізеді;

7) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жұмылдыру дайындығы мақсатында ұйымдармен жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында тауарларды өндіруге, жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсетуге шарттар (келісімшарттар) ж а с а с а д ы ;

8) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға жұмылдыру дайындығын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

9) мемлекеттік органдармен бірлесе отырып жұмылдыру жоспарларын орындауға экономиканы дайындау жөніндегі іс-шараларды жүргізеді;

10) аудандар, облыстық маңызы бар қалалар әкімдіктерінің жұмылдыру ж о с п а р л а р ы н к е л і с е д і ;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмылдыру дайындығы жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру көлемін көздейді;

12) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне сай Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге а с ы р а д ы .

2. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдіктері өз құзыреті шегінде:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;

2) жергілікті әскери басқару органдарына олардың бейбіт уақыттағы және жұмылдыру жарияланған кездегі жұмысына жәрдем көрсетеді, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағында әскери-экономикалық және командалық-штабтық оқулар (жаттығулар) өткізуге қатысады;

3) әскери міндеттілерді бекітіп қою жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде мемлекеттік органдар мен ұйымдарды жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында жұмыс

істеуге көшіру жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыруды қамтамасыз етеді;

5) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде шақырылуға тиісті азаматтарды дер кезінде хабардар етуді және жеткізуді, жиналу орындарына немесе әскери бөлімдерге техника беруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, жұмылдыру және соғыс жағдайы кезеңінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша олардың басқаруындағы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігін қорғаныс мұқтаждарына береді;

6) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде жұмылдыру жоспарларын әзірлейді және бекітеді, жұмылдыру дайындығы жөніндегі іс-шараларды жүргізеді;

7) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жұмылдыру дайындығы мақсатында ұйымдармен жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында тауарларды өндіруге, жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсетуге шарттар (келісімшарттар) жасасады;

8) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдіктеріне жұмылдыру дайындығын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

9) мемлекеттік органдармен бірлесе отырып жұмылдыру жоспарларын орындауға экономиканы дайындау жөніндегі іс-шараларды жүргізеді;

10) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне сай Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімдері өз құзыреті шегінде:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;

2) жергілікті әскери басқару органдарына олардың бейбіт уақыттағы және жұмылдыру жарияланған кездегі жұмыстарына жәрдем көрсетеді, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағында әскери-экономикалық және командалық-штабтық оқулар (жаттығулар) өткізуге қатысады;

3) әскери міндеттілерді бекітіп қою жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде мемлекеттік органдар мен ұйымдарды жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында жұмыс істеуге көшіру жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыруды қамтамасыз етеді;

5) жұмылдыру және соғыс жағдайы кезеңінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде шақырылуға тиісті азаматтарды дер кезінде хабардар етуді және жеткізуді, жиналу орындарына немесе әскери бөлімдерге техника беруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

10) 10-баптың 1-тармағында:
бүкіл мәтін бойынша «(тапсырмалардың)», «(тапсырмаларды)» деген сөздер алып тасталсын;

7) тармақшадағы «Әскери міндетті азаматтар» деген сөздер «Әскери міндеттілер» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«9) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға, орталық және жергілікті атқарушы органдарға, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарға мемлекеттің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету үшін қажетті ақпарат беруге міндетті;»;

мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:
«10) ұйымдардың жұмылдыру жоспарларын тиісті мемлекеттік органдармен, тапсырыс беруші ұйымдармен келіседі және оларды бекітеді.»;

11) 12-баптың 1-тармағындағы «орталық және жергілікті атқарушы» деген сөздер «мемлекеттік» деген сөзбен ауыстырылсын;

12) 13-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

13) 14-бапта:
2-тармақтағы «орталық және жергілікті атқарушы» деген сөздер «мемлекеттік» деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақ алып тасталсын;

14) 16-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:
«Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған жағдайда және тәртіппен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі бірінші кезектегі шараларды қабылдау, гуманитарлық көмек көрсету үшін жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтары бейбіт уақытта пайдаланылуы мүмкін.»;

15) 17 және 18-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«17-бап. Әскери міндеттілерді мемлекеттік органдар мен ұйымдарға бекітіп қоюдың құқықтық негізі

1. Әскери міндеттілерді мемлекеттік органдар мен ұйымдарға бекітіп қою мемлекеттік органдар мен ұйымдардың іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

2. Әскери міндеттілерді мемлекеттік органдар мен ұйымдарға бекітіп қою Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

18-бап. Әскери міндеттілерді бекітіп қоюдың ұйымдастырылуы мен тәртібі

1. Әскери міндеттілерді бекітіп қоюдың ұйымдастырылуы мен тәртібі осы Заңда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде айқындалады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында әскери міндеттілерді бекітіп қою жөніндегі жұмысқа басшылықты Әскери міндеттілерді бекітіп қою жөніндегі

республикалық комиссия жүзеге асырады.

3. Бекітіп қоюға жататын лауазымдар мен мамандықтардың тізбесін Әскери міндеттілерді бекітіп қою жөніндегі республикалық комиссия бекітеді.

4. Мемлекеттік органдарға, ұйымдарға бекітіп қойылған әскери міндеттілер өздеріне берілген кейінге қалдыру мерзімінің қолданыстағы уақытында жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңіндегі және соғыс уақытындағы шақырудан босатылады.»

2. «Мемлекеттік материалдық резерв туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 20, 378-құжат; 2003 ж., № 15, 139-құжат; 2006 ж., № 16, 104-құжат; 2010 ж., № 3-4, 11-құжат):

7-баптың 7) тармақшасындағы «мен жұмылдыру» деген сөздер алып тасталсын.

3. «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 135-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 87-құжат; № 21, 97-құжат; № 24, 128-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 9-10, 47, 49-құжаттар; № 15-16, 74-құжат; № 17, 78, 82-құжаттар; № 24, 129, 133-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар):

4-баптың 1-тармағының 50) тармақшасындағы «тапсырмаларын (тапсырыстарын)» деген сөздер «тапсырыстарын» деген сөзбен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. Назарбаев